

Мұртаза А.Ш.¹, Жанұзақова Г.А.²

¹e-mail: murtaza.alma@mail.ru, ²e-mail: gulmir_zhan@mail.ru
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті,
дипломатиялық аударма кафедрасының аға оқытушылары, Қазақстан, Алматы қ.

**ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Мақалада тілді меңгерту арқылы өзге елдің мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен етене танысудың, сол елдің тұрақты азаматы сияқты әлеуметтік-мәдени күзiреттілігін қалыптастыру үшін жан-жақты (мәдени, әлеуметтік, экономикалық, саяси, ұлттық-этнографиялық, дәстүрлі) ақпаратты тіл арқылы меңгерудің тың әдістемелік технологиясы қажет болды. Авторлар осы технологияның маңыздылығын жұмысымызда айқындап көрсеттік. Әлеуметтік-мәдени күзiреттіліктің лингвомәдени, лингвокогнитивтік, дискурстық, мәдениаралық коммуникация аясында қалай қалыптасатыны жөнiндегі ұсыныстарымыз болашақта қазақстандық дипломаттарды дайындауда, мемлекетті танытушы өкiлдерді даярлауда, шетелдегі елші-корреспонденттердің тұлғасын қалыптастыруда кеңiнен қолданыла алады. Сондай-ақ жалпы қазақстандық азаматтардың әлемдік элита ортасында еркін қарым-қатынасқа түсе алуына септігін тигізеді.

Қазiргі таңда Қазақстандағы шет тілін үйретудің ең негiзгi мiндеттерінің бiрi – тілді шынайы және толыққанды қарым-қатынас құралы ретінде үйрету. Сондықтан да, отандық әдістемеді дұрыс мәдениетаралық қарым-қатынас және мәдениет диалогын жүргізуге қабілетті тілдік тұлға даярлау мәселесі алдыңғы орынға шықты.

Жаңа заман талаптары шет тілін оқытушы ұстаздардың алдына жаңа мiндеттер қойып отыр, соған сай шет тілінде қарым-қатынасқа түсу бұрынғыдай белгілі бiр пәннің, уақыттың аясында шектеліп қалмай, әртүрлі мәдениетаралық байланыстарға түсу, басқа елдердің рухани құндылықтарына құрметпен қарай отырып, елді әлемдік аренаға таныстыру мәселесіне бағытталып отыр.

Осы мәселені жүзеге асырудың ең басты жолы студенттердің бойында әлеуметтік-мәдени бiлiктiлiктi қалыптастыру.

Түйін сөздер: мәдениетаралық қарым-қатынас, әлеуметтік-мәдени, күзiреттілік, елші-корреспондент, бiлiктiлiк.

Murtaza A.Sh.¹, Zhanuzakova G.A.²

¹e-mail: murtaza.alma@mail.ru, ²e-mail: gulmir_zhan@mail.ru
Senior teachers of Chair of «Diplomatic Translation» of Department of «International Relations»,
Al-Farabi Kazakh national University, Kazakhstan, Almaty

Formation of socio-cultural skills in teaching foreign languages to students

In this article there is considered the methodology for investigating another country's culture and its everyday life, as its citizen, in order to form the competence of socio-cultural (cultural, social, political, ethnographic, traditional) information. This is what the technology of exploring the country by means of learning the language was needed for. The creators of this technology showed the whole necessity of this technique. Our proposals on how social and cultural competence can be formed in linguistic, discursive, and in intercultural communicative spheres can be widely used in the process of preparation of future Kazakh diplomats, training of government representatives, and shaping the personalities of correspondents abroad. Also, this technique allows citizens of Kazakhstan to be involved into the society of the world elite. At present, the main requirement for the teaching of foreign languages in Kazakhstan is the use of a foreign language as a means of communication. Therefore, the folk methodology of intercultural

relations and the introduction of cultural dialogue took the leading place in the formation of language identity.

Contemporary demands, set before foreign language teachers, form new goals. In this regard, the teaching of foreign languages is not circumscribed by time and by a specific subject. The task of promoting the country on the international arena through various intercultural ties, taking into account the spiritual values of other countries, is formulated. The main way to solve this problem is to improve the skills of students in the socio-cultural sphere.

Key words: intercultural communication, socio-cultural, competence, international correspondent, qualification.

Муртаза А.Ш.¹, Жанұзақова Г.А.²

¹e-mail: murtaza.alma@mail.ru, ²e-mail: gulmir_zhan@mail.ru

старшие преподаватели кафедры дипломатического перевода факультета международных отношений, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Формирование социально-культурной квалификации в преподавании иностранных языков студентам

В данной статье рассматривается методика изучения культуры другой страны, ее бытовой жизни для формирования компетентности социокультурной (культурной, социальной, политической, национально-этнографической традиционной) информации. И для этого была необходима технология изучения страны посредством изучения языка. Авторы данной технологии показали всю необходимость этой методики. Наши предложения касательно того, как социальная и культурная компетентность могут быть сформированы в лингвокультурной, лингвопознавательной, дискурсивной, межкультурной коммуникации, могут широко использоваться при подготовке будущих казахстанских дипломатов, подготовке представителей правительств, и формировании личности корреспондентов за рубежом. Также, данная методика позволяет гражданам Казахстана внедряться в общество мировой элиты. В настоящее время основным требованием к преподаванию иностранных языков в Казахстане является использование иностранного языка как средства коммуникации. Поэтому народная методика межкультурных отношений и введение культурного диалога заняли лидирующее место по формированию языковой идентичности.

Современные требования, поставленные перед преподавателями иностранных языков, формируют новые цели, в связи с этим преподавание иностранных языков не ограничивается временем и определенным предметом. Посредством разных межкультурных связей, принимая во внимание духовные ценности других стран, формулируется задача продвижения страны на международной арене. Основным способом решения этой проблемы является повышение квалификации студентов в социально-культурной сфере.

Ключевые слова: межкультурная коммуникация, социально-культурная, компетентность, международный корреспондент, квалификация.

Кіріспе

Бүгінгі таңда шет тілін оқытудың ба-
сты мақсаттарының бірі – мәдениетаралық
қарым-қатынасқа қабілетті, шет тілін сол тілде
сөйлеуші ұлттық тілдік және әлеуметтік-мәдени
ерекшеліктеріне сай, дұрыс қолдана алатын,
білімді де мәдениетті мамандар даярлау бо-
лып табылады. Бұл мақсатқа жетуде «тіл-ұлт-
мәдениет» үштігін өзара тығыз байланыста
қарастырудың, студенттің бойында әлеуметтік-
мәдени біліктілікті қалыптастырудың маңызы
зор. Өйткені Шет тілін оқытудың бұл аспектісі
тілді этностың мәдениетімен тығыз байланысты
қарастыруды, соның негізінде студенттердің
бойында тілін үйреніп отырған халықтың салт-
дәстүрі, наным сенімдері, тарихы т.б. жайындағы

білімді қалыптастыруды талап етеді. Ал мұндай
шынайы өмірге негізделген білім студентті көп
мәдениетті орта жағдайында, әрекет ете алуға,
жағдайға сай шешім қабылдауға, Шет тілін тек
тілдік нормаларға ғана емес, сонымен қатар
сол тілде сөйлеуші ұлт дәрежесінде қолдануға
мүмкіндік беретіні сөзсіз (Романова:1998, 138).

Негізінен Шет тілінің әлеуметтік-мәдени
біліктілігін оқыту мәселесі ғылымда орын
алған жаңа бағыттың бірі екендігіне қарамастан
әртүрлі отандық және әлем ғалымдарының
зерттеу жұмыстарының нысанына айналған.
С.Г. Тер-Минасева 3 тіл және мәдениетаралық
коммуникация еңбегінде мәдениет аралық
коммуникация теориясының тілмен байланы-
сы жан жақты қарастырылған (Тер-Минасева,
2000:134). С.С. Құнанбаеваның Қазіргі шет-

тілдік білім берудің теориясы мен практикасы еңбегінде шеттілдік білім берудің жаңа жүйесін жасаудағы концептуалды негіз ретінде көрініс табатын когнитивтік лингвомәдени әдіснама туралы ғылыми негізделген түсініктің қалыптасуын қарастырады (Құнанбаева, 2010: 324).

Сонымен бірге мәдениеттану біліктілігі тілді нақты бір жағдайда қолдануды анықтайтын және міндеттейтін фактор ретінде оған көп көңіл бөлу керек деген С.В. Сенченконың пікірімен келісеміз. Әлеуметтік-мәдени біліктілік біздің түсінігіміз бойынша нақты бір әлеуметтік ортада тілді лингвистикалық, психологиялық, мәдени қабылданған әлеуметтік ережелерді білу. Бұл ережелерді оқушыға меңгерту табиғи жолмен әлеуметтік және қатысымдық арақатынасы кезінде сол қоғамның өміріне әлеуметтік мәдени құрамдас бөлігін енгізген білім берудің мазмұнын жаңарту керек. Шет тілін оқыту мазмұнының әлеуметтік-мәдени құрамдас бөлігі студенттің мәдениетаралық еркін қатынас алуға себеп болатынын таныстыруға, әртүрлі ұлттардың мәдениетін түсініп, құрметтей білуге үйретеді десек, оның мұндай маңыздылығы әлеуметтік-мәдени біліктілікті теориялық және практикалық тұрғыдан тереңірек зерттей түсуді қажет етеді. Қоғамдық сұраныспен ұштасып жатқан әлеуметтік мәдениет құрамдас бөлігін енгізген білім берудің мазмұнын жаңарту керек. Шет тілін оқыту мазмұнының әлеуметтік-мәдени құрамдас бөлігі студенттің мәдениетінің диалогқа еркін қатыса алуға себеп болатын тұлғалық қасиеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Өз кезегінде әлеуметтік-мәдени біліктілік қатысым күзінеттері: тілдік біліктілік, сөйлеу біліктілігі, оқу-танымдылық біліктілігімен қатар жүретін негізгі құрамы.

Сонымен, әлеуметтік-мәдени біліктілік дегеніміз не?

Әлеуметтік-мәдени біліктілік дегеніміз – оқып жатқан тіл елінің немесе елдерінің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері туралы білімін кеңейту, тілдік және тілдік емес іс-әрекетті сол ерекшеліктерге сай қолдана білуін дамыту, өз елі мен оқып жатқан тіл елінің жалпы және жеке мәдени ерекшеліктерін айыра білу.

Осы ережеге қарап, бұл іскерлік өзінің негізі бойынша өте күрделі және оны меңгеруге еңбек керек екенін көрсетеміз. Әлеуметтік-мәдени қатысымға түсу үшін жақсы дайындық қажет. Аудармалардың тұлғалық қасиеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Әлемдік тәжірибе бойынша ХХІ ғасыр жоғары оқу орындарының қызметін және ондағы білім беру мазмұнын анықтауда бірқатар жаңа тұжырымдық тәсілдердің негізгі бағыттары түзілгендігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда тіл үйренушіге алған білімнің негізінде өмірдің өзгермелі жағдайларын еркін бағдарлауға, білімін толықтырып дамытуға, сол арқылы сөз мүмкіндіктерін іске асыруға және адамгершілік тұрғыда өз бетінше дұрыс әрі жауапкершілікпен шешім қабылдауға бағыт беретіндей болуы тиіс. Білім берудің бұл тұжырымдары бүгінгі таңда жаңа «компетенттік тәсіл» «компетенция» «компетенттілік», яғни соңғы уақыттары «біліктілік» ұғымдары арқылы беріліп келеді.

Екі елдің ойлау дәрежесіндегі бірізділікті тіл арқылы айқындап, жастардың әлеуметтік-мәдени күзінеттілігіне сіңірудің тәсілдері әлемдік қарым-қатынастың биік шыңына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жаңалығы:

1. Әлеуметтік-мәдени біліктілікті қалыптастырудың лингвомәдени, лингвокогнитивтік, прагматикалық, коммуникативтік парадигмалары анықталды, олардың ұқсас және айырым белгілері көрсетілді;

2. Жалпы білім берудің ішінде тілдік білім берудің өзіндік әдіс-тәсілдері, қиындықтары мен психологиялық бейімділік пен қабілеттілік өлшемдері айқындалды.

3. Шет тілін оқыту арқылы әлеуметтік-мәдени біліктілікті қалыптастыруды зерттеген қазіргі ғалымдардың тұжырымдамалары салыстырылып, әдістеменің бағыттары анықталды. Соның ішінде «қазақ-ағылшын тілді тұлғаны» қалыптастыруда тиімді қолданылатын әдістерге талдау жүргізілді.

4. Әрбір ұлт тіліндегі реалияларды таныту арқылы сол ұлттық әлеуметтік-мәдени болмысын тіл үйренушіге терең сіңірудің түрлі жолдары көрсетілді.

Әдістері

1. Лингвомәдениеттанымдық әдіс. Әлеуметтік-мәдени күзінеттілікті қалыптастыру үшін ең тиімді әдіс. Себебі, бұл әдіс арқылы оқытылатын екінші тілдің ұлттық-мәдени болмысын терең тануға болады және аударуға келмейтін төл ұлттық тіл бірліктеріне ұқсас баламаны оңтайлы пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, қазақ тіліндегі «Абылайдың асындай», «Асан қайғыға салыну» сияқты прецедентті тұрақты

тіркестерге балама табу үшін тура аударылмайды, мағынасына қарай, молшылық, қайғыға түсу, мұңдану ұғымдарының мәнін қолдануға тура келеді. Сондай-ақ ағылшын тілінде қыз бала мен бойжеткен сөздерін сипаттайтын, яғни жас ерекшелігіндегі өзгешелігіне қарай таңбаланған тіл бірліктері жоқ. Тек жалпы қыз ұғымын білдіретін *girl* сөзі ғана кездеседі. Ал орыс тілінде девочка және девушка сөздерінің қазақ тіліндегі (қыз бала – бойжеткен) балама аударма атаулары бар. Сондай-ақ ағылшын тіліндегі *bank* – өзен жиегі мен *shore* – теңіз жағалауын білдіретін екі сөз орыс тілінде бір ғана «берег» сөзімен ғана таңбаланады. Ал қазақ тілінде өзен жиегі, теңіз жағалауы немесе өзен жағалауы, теңіз жиегі деген тіркестер жарыспалы қолданыла береді. Осындай ерекшеліктер лингвомәдениеттанымдық әдіс арқылы жүзеге асырылады.

2. Контент-талдау әдісі. Берілген мәтінді ойда тиянақтап, негізгі айтылмақ ойды, басты идеяны, ол мәтіннің нәтижесін тезистеу үшін, санада терең сақтап, тілдік қолданыста еркін пайдалану үшін, әрбір мәтін арқылы осылайша тілдік қолданыстың жүйесін игеру мақсатында контент-талдау әдісі қолданылады.

3. Салыстырмалы-сипаттамалы әдіс. Шет тілін оқыту барысында бұл әдіс өте жиі қолданылады. Әсіресе фразеологизмдерді, бейнелі сөздерді аудару кезінде оларға дәл келетін баламаны табу кезінде ағылшын тіліндегі тілдік бірлікті мәтін мазмұнындағы қолданысын нақты айқындау үшін қазақ немесе орыс тіліне аударып, салыстыру әдісін қолдану, Шет тіліндегі сөйленістің сауатты шығуына мүмкіндік береді.

4. **Ассоциациялық эксперимент әдісі.** Ағылшын ұлтының өкілі мен қазақ ұлтының азаматына ассоциациялық эксперимент жүргізіп, нәтижелерін салыстыру арқылы, қарапайым ойлау деңгейіндегі ұқсастық пен айырмашылықты анықтау. Мәселен, қазақ баласы **«бақыт»** деген ұғымға *өмірге келу, жетістікке жету, балалы болу, ұрпақ өсіру, ата-ананың амандығы, баланың қызығын көру* деп ассоциация беруі мүмкін. Ал ағылшын ұлтының өкілі *бүкіләлемге саяхат жасау, гарышқа ұшу, мақсатқа жету, сүйіктімен мәңгі болу*, т.б. деп жауап беруі мүмкін. Олар үшін қазақ секілді балалы болу, ұрпақ жалғастыру аса маңызды бақыттың қатарына жатпайды. Ассоциациялық эксперимент арқылы әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктің әр ұлт өкілі үшін тепе-тең емес екенін аңғаруға болады.

Болжамы

Тілді меңгерту арқылы өзге елдің мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен етене танысудың, сол елдің тұрақты азаматы сияқты әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін қалыптастыру үшін жан-жақты (мәдени, әлеуметтік, экономикалық, саяси, ұлттық-этнографиялық, дәстүрлі) ақпаратты тіл арқылы меңгертудің тың әдістемелік технологиясы қажет болды. Осы технологияның маңыздылығын жұмысымызда айқындап көрсеттік. Әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктің лингвомәдени, лингвокогнитивтік, дискурстық, мәдениаралық коммуникация аясында қалай қалыптасатыны жөніндегі ұсыныстарымыз болашақта қазақстандық дипломаттарды дайындауда, мемлекетті танытушы өкілдерді (представитель) даярлауда, шетелдегі елші-корреспонденттердің тұлғасын қалыптастыруда кеңінен қолданыла алады. Сондай-ақ жалпы қазақстандық азаматтардың әлемдік элита ортасында еркін қарым-қатынасқа түсе алуына септігін тигізеді. Жұмыста ұсынған ғылыми жаңалықтарымыз арқылы ағылшын-қазақ тіліндегі кейбір ұғымдарды танытудағы ұштастыққа көз жеткізуге болады. Мәселен, ағылшын және қазақ ақындарының абстракттілі ұғымдарды тану деңгейі, яғни лингвокогнитивтік өрісі ұқсас болып келеді. «Өмір» концептісі қазақ ақындарында тартыс, күрес, бірде буырқанатын, бірде толқынмен тербелетін теңізбен символданса, ағылшын ақындарында да өмірдің тыныш кезі мүлгіген мұхитқа, өмірдің қиын сәттері мұхиттың дауылына, штормға теңеледі.

Сондай-ақ ағылшын, қазақ поэзиясында символдау ерекшелігі жағынан ұқсастықтар кездеседі. Мысалы, емен – жалғыздық символы, тұманды түндер – қайғы, мұң символы, т.б. Осындай екі елдің ойлау дәрежесіндегі бірізділікті тіл арқылы айқындап, жастардың әлеуметтік-мәдени құзіреттілігіне сiңiрудiң тәсiлдерi әлемдiк қарым-қатынастың биік шыңына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Қазақстандағы шет тілін үйретудің ең негізгі міндеттерінің бірі – тілді шынайы және толыққанды қарым-қатынас құралы ретінде үйрету. Сондықтан да, отандық әдістемеді дұрыс мәдениетаралық қарым-қатынас және мәдениет диалогын жүргізуге қабілетті тілдік тұлға даярлау мәселесі алдыңғы орынға шықты.

Жаңа заман талаптары шет тілін оқытушы ұстаздардың алдына жаңа міндеттер қойып отыр, соған сай шет тілінде қарым-қатынасқа түсу

бұрынғыдай белгілі бір пәннің, уақыттың аясында шектеліп қалмай, әртүрлі мәдениетаралық байланыстарға түсу, басқа елдердің рухани құндылықтарына құрметпен қарай отырып, елді әлемдік аренаға таныстыру мәселесіне бағыттала отыр.

Осы мәселені жүзеге асырудың ең басты жолы студенттердің бойында әлеуметтік-мәдени біліктілікті қалыптастыру. Өйткені тіл – ұлт – мәдениет үштігін өзара тығыз байланысты қарастыру. Қандай болмасын шет тілін оқыту процесінің жемісті болуына өз септігін тигізері анық.

Қазіргі кезде бұл ұғымдардың мән-мағынасын талдауға арналған ірі ғылыми-теориялық және ғылыми әдістемелік еңбектер жарық көре бастады.

Шет тілін оқытудың стандартына сай біліктілік адамның белгілі – бір ортада әрекет етуге дайындығы және қабілеттілігі «Біліктілікті игеру – мәдени» адамды академиялық білімнің өкілі ретінде «белсенді», «әлеуметтік бейімделген» тұлғаға айналдырады. Ол өз кезегінде тұлғаны ақпарат алмасу мақсатында қарым-қатынасқа түсіп қана қоймай, қоғамда әлеуметтенуге, сол қоғамды өзгерту мақсатында оған әсер ете алатын тұлғаға айналуына көмектеседі (Гез: 2003, 3).

Сондай-ақ қазақстандық ғалымдар да ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне кіргізу және қоғамдық сұраныстарға жауап беру мақсатына сәйкес білім берудегі біліктілік моделіне зерттеулер жүргізіп, оны мектеп, жоғары оқу орны тәжірибесіне енгізу мүмкіндігін қарастыра бастағаны көңіл қуантарлық жай. Соның ішінде «біліктілік» ұғымына өз еңбегінде Д.Н. Кулибаева тереңірек тоқталады (Кулибаева: 2002, 216).

Сонымен қатар, А.К. Мыңбаева, З.М. Садвакасова бірлесіп қазіргі білім беруде компетенттілік тәсіл мәселесін зерделесе (Мыңбаева: 2012, 355), Ш.Т. Таубаева (Таубаева: 2014,10), Н.Э. Пфейфер, Л.Ю. Гуцина (Пфейфер: 2004, 115), болашақ оқытудың кәсіби біліктілігін қалыптастыру мәселесін қарастырады.

Қазақстандық білім беру жүйесінде жиі қалыптасып жүрген «біліктілік» ұғымы – «тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберінде қатысты мәселелерді меңгеруі, білуі» немесе «тұлғаның белгілі бір мәселелер шеңберінде таным мен тәжірибеге ие болуы» деп талқыланып, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров (Верещагин: 1976, 58), И.Л. Бим (Бим: 2001, 12), И.В. Елухина, Н.Д. Гальскова (Гальскова: 2000,

9) сияқты ресейлік және шетелдік авторлар мен зерттеушілердің лингводидактикасында кеңінен қолданылады

Шет тілінде сөйлей алудың ерекшеліктерін есепке ала отырып, аталмыш талдаушыға «хабардарлық», «бір нәрсемен таныс болу дәрежесі» деген анықтамалар қосылуы мүмкін (Шукин: 2010,165.).

«Біліктілік» Шет тіліндегі әдебиеттерде «тәжірибе», «іскерлік» «дағды» мағыналарында көбірек қолданса, отандық әдебиеттерде бұл «білім», «теория» ретінде түсіндіріледі.

Берілген анықтамаларға талдау жасай келе, компетенция деп бір-бірімен тығыз байланысқан білім, біліктілік, дағды және студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерінің жиынтығын айтсақ, компетенттілік деп тіл үйренушінің білімі мен дағдыларын тәжірибеде күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігін айтуға болады. Компетенция мен компетенттілік ұғымы, яғни оған қоса біліктілік бірін-бірі толықтырады және өзара байланысты.

Студенттердің біліктілігі ең әуелі мектепте, сосын жоғары оқу орнында оқыту үрдісі кезінде қалыптасады. Ол оқу үрдісінің негізгі сапа көрсеткіші болып табылады және қойылған педагогикалық мақсатқа жетуді көздейді. Біліктілік оқу нәтижелерімен қатар студенттің шығармашылық іс-әрекеттері мен құндылық бағдарламаларының жүйесін көрсетеді.

Қорыта келгенде «біліктілік» – бір нәрседен хабардар болу, белгілі бір іс-әрекетте білімнің, тәжірибенің таныс болудың біршама дәрежесі, тұлғаның қасиеті.

Сонымен, бір нәрсені оқып үйрену, жетік білу барысында қалыптасқан білімнің, дағдының, іскерліктің жиынтығы деген мағынада қолданатын біліктілікті қалыптастыру ісінің маңызы уақыт өткен сайын арта түсуде.

Европалық кеңестің шет тіліне қатысты материалдарда біліктіліктің мынадай түрлері көрсетіледі.

Жалпы біліктіліктер және коммуникативтік тілдік біліктіліктер

Жалпы біліктіліктерге жататындар.

- 1) оқуға қабілеттілік (ability to learn);
- 2) экзистенциялды компетенция (existential competence);
- 3) декларативтік біліктілік (declarative competence);
- 4) іскерліктер мен дағдылар (skill and know – how).

Коммуникативтік тілдік біліктіліктерге жататындар:

1) лингвистикалық компоненттер (linguistic competence-lexical, phonological-syntactical knowledge and skill);

2) әлеуметтік лингвистикалық компоненттер (sociolinguistic component);

3) прагматикалық компоненттер (pragmatic component knowledge existential competence and skill and know how relating to the linguistic system and its sociolinguistic variation) жатады (Әкімішова, 2002: 27).

Біліктілік мәселесі Д. Хаймс, Р. Уайт, Д.Ж. Равен, И.В. Кузьмина, А.К. Маркова, Г.Э. Белицкий, А.В. Хуторский сияқты басқа да ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттелді. Осындай зерттеулерге сай ғылымда біліктілікке негізделген білім беру мәселесі (competence based education) Америкада тіл теориясына қатысты Н. Хомский «біліктілікті» тілді шынайы жағдайларда (performance) игеруден гөрі тек оның жүйесін білумен байланысты лингвистикаға тән термин ретінде қолданса, Д. Хаймс кез келген тілді жетік үйрену грамматикалық және лексикалық іскерліктерді қалыптастырумен ғана емес, сонымен бірге оны әртүрлі жағдайларда қолдануға қажетті біліктілікті қалыптастырумен тығыз байланысты екенін дәлелдеді, сонымен қатар ғылымға «коммуникативтік біліктілік» терминін енгізеді. Ал коммуникативтік біліктілік өз кезегінде шынайы қарым-қатынас жағдайында аса қажет болатын бірнеше құрамдас бөліктерге бөлінеді.

Әлеуметтік-мәдени біліктілікті қалыптастыру қажеттілігі мәдениет пен тілдің өзара тәуелділігіне байланысты. Адам өміріндегі материалдық және рухани құндылықтар олардың өмір сүру жағдайларына байланысты тілді толық меңгеру үшін тұлға әлеуметтенуі керек, яғни жаңа құндылықтарды, қарым-қатынастық жаңа нормаларымен танысуы керек (Борисов, 2003: 127).

Енді әлеуметтік-мәдени біліктілік ұғымына берілген анықтамаларға тоқталып өтер болсақ, олардың бұл терминнің мағынасын әртүрлі қырынан жан-жақты ашуға көмектесетінін көруге болады.

Білім беру стандартынан бұл ұғымның бұдан да толығырақ мағынасын табуға болады: «әлеуметтік-мәдени біліктілік (Sociocultural competence) – басқа мәдениет өкілі бола отырып, тілін үйреніп отырған халықтың мәдениет ерекшеліктерін білу, олардың салт-дәстүрлерін, мінез-құлық нормаларын, этикетін білу және

олардың қарым-қатынас жағдайында дұрыс түсінік, адекватты түрде қолдана алу іскерлігі.

Жоғары оқу орындарында әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту шеңберінде өткізіліп жатқан зерттеулер болашақ мамандарды шет тілін кәсіби бағытталған оқытуда әлеуметтік-мәдени аспектінің рөлін анықтау әрекеті болып табылады. Ұсынылып отырылған өзге тілді әлеуметтік-мәдени құзырлықты қалыптастыру үлгісінің негізіне келесі ұстанымдар енгізілген:

– оқыту контексінің аутенттік;

– шет тілін оқытудың кәсіби дайындық мазмұнымен өзара байланысы;

– шет тілі мен ана тілін мәдени байланыста зерттеу;

– жаңа тілдік жағдайларына бейімделу қабілеттілігін ынталандыру;

– оқытудың аутентті материалдар мен тәсілдердің алуан түрлігі мен жеткіліктілігі;

– пайдаланылатын материалдардың прагматикалық релеванттығы.

Студенттерге шет тілін үйретуде негіз болатын оқу әдебиеті қосымша аутентті әлеуметтік-мәдени материалды іріктеуді және кәсіби бағытталған мәдени танымдық тапсырмалар кешенін жасақтауды талап етеді.

Шет тілін үйретудің әлеуметтік-мәдени мазмұнын келесі бөлшектер құрайды: өзге тілді әлеуметтік-мәдени білімдер, дағдылар мен әдеттер; ұлттық мәдениеттің жұмыс істеу өрісі мен шағы өрісі; өзге мәдениет болмысының аспектіні көрсететін жағдайлар; аутентті мәтіндер мен мәдениет танымдық сипаттағы өзге тілді тапсырмалар жүйесі.

Ұлттық мәдениет басқа ұлттық мәдениетте болатын қатынастардан өзге алуан түрлі құбылыстар, факторлар мен олардың өзара әрекетінің бірлігін көрсетеді; қайта құрушы болмыстың үрдісі мен нәтижесі, материалды және рухани құндылықтар жиынтығы; жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу мазмұны мен мақсаты.

Мәдениет адам қызметінің барлық жағын қамтиды, болашақ мамандардың шетелдік әріптестері мен тұтынушылармен кәсіби бағытталған мәдени аралық әрекеттестікке қажетті өзге тілді әлеуметтік-мәдени құзырлықты қалыптастыру мәселесін шешу тұрғысында оқыту мазмұны болашақ мамандар тікелей кездесетін және әлеумет пен оның өкілінің ұлттық мәдени өзгешелігі көрінетін тіршілік әрекеті өрістерімен негізделеді: қоршаған ортамен қарым-қатынасы; физикалық тіршілік етуді қамтамасыз ету; кеңестікке, уақытқа қатысы; оқу-кәсіби қызметі.

Өзге тілді коммуникативті және әлеуметтік-мәдени шеберлікті интегративті дамыту қажеттілігі оқып жатқан тіл елінің мәдениетін үйретудің мәселелі сипатын айқындады. Оның өзі әлеуметтік-мәдени білім мен коммуникативті шеберлікті игеруде студенттердің ойлағыштық және ой-тілдік қызметін белсендіруге бағытталған өзге тілдік тапсырмалар пайдалануды болжайды (Барышников: 2003, 15).

Студенттердің өзге тілді әлеуметтік-мәдени құзырлығын қалыптастыруға қажетті барлық мәдени танымдық мәселелі тапсырмалар кәсібі бағытталған сипатта болады және танымдық, ізденімпаздық, зерттеушілік түрде болады: Тұлғаның туған және зерттеп жатқан мәдениеттегі мұқтаждық-мотивациялық және құндылық-мағыналық приоритеттерін анықтау.

Өзге тілді әлеуметтік-мәдени құзырлықты қалыптастырудың жасакталған үлгісі екі кезеңде іске асырылады. Бірінші кезеңде оқытудың мақсаты студенттерде мәдени аралық өзгешеліктерге психологиялық зеректікті қалыптастыру болып келеді (құндылық нысаналар, менталитет, әртүрлі мәдениеттердегі таным тәсілдері, адамгершілік дамуы, эмоцияны ажырату және бағалау, психикалық бұзылудың ерекшеліктері, даулы жағдайлардағы жүріс-тұрыс стратегиясы, психологиялық бейімделу мен реакциясы, уақытқа, материалдық құндылықтарға, еңбекке, дінге, отбасына қатынасы).

Үлгіні іске асырудың осы кезеңінде әлеуметтік-мәдени компонент ағылшын тілін оқытудың мазмұнына танымдақ ізденушілік тапсырмалар түрінде кірістіріледі:

Кәсіптік маңызды мәдениетаралық коммуникацияға өзге тілде дайындаудың екінші кезеңінде болашақ мамандар әр қилы тәжірибелік жағдайларда әлеуметтік-мәдени білім, дағды, әдеттерін қолдануды үйренеді.

Өзге тілді әлеуметтік-мәдени құзырлықты қалыптастырудың екінші кезеңінің айрықша белгісі студенттердің қабылдау, ұғу мен түсінуден мәдениаралық байланыс орнату кезінде ынта көрсету шеберлігін ұйғаратын.

Қорытынды

Ғылым қол жеткізілген жерден тоқтап қалмады. Қазір басқа да қызықты әдіс-тәсілдер жасалуда, олардың көмегімен студенттерді оқытудың алға қойылған мақсаттарына қалай да жету үшін оқытудың жағымсыз жағдайларына қарсы тұруға, оқулықтар мен бағдарламалардың катал шеңберінен шығуға тырысады. Қазір оқытудың күрделі кешені ескерілу қажеттілігі түсініледі – тілдік ортаның және шет тілді тәжірибелік қолдануда студенттерде табиғи қажеттіліктің болмауы, оқушыларда тіпті бір жас ерекшелікті топтың, шет тілдік сөйлеуді табысты игерудің әртүрлі психолого-педагогикалық алғышарттардың болуы.

Сонымен, біздің ойымызша, Шет тілін оқытуда студенттердің әлеуметтік-мәдени біліктілігін қалыптастыру болып табылатын зерттеуімізде біз нақты нәтижелерге қол жеткіздік.

Шет тілін оқытудағы өзекті мәселелердің бірі лингвоелтанушылық аспектіні және мәдениетті дайындау болса, әртүрлі әдістемелік арсенал түрінде: көшірме, үлестіру материалдары, кесте, сызба, әсіресе слайдтар және кинофильмдер, елтану мазмұнындағы мәтіндер жазбаларының кассеталарын пайдалану өте тиімді болады. Сонымен қатар, өзекті қажеттіліктерді, қызығушылықтарды, оқушыға маңызды мақсат, ниеттерді ескеру маңызды. Осылайша, шет тілін осы тілде сөйлейтін халықтың ұлттық мәдениетімен тығыз байланыста оқытуды ұйымдастыру, оқытудың, соның ішінде оқу материалдарының лингвоелтанушылық реңкі оқушылардың коммуникативтік танымдық ниетін күшейтуге, жалпы әлеуметтік-мәдени ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді, жұмыстың әдістері мен нысандарын түрлендіруге жағдай жасайды, оқытуды тәрбиелеумен үйлестірудің жалпы дидактикалық талабын тиімді жүзеге асырады.

Біздің пікірімізше, оқытудағы осындай тәсілдерді жүзеге асыру ниетті, белсенділікті, студенттің сабақтағы бастамасын көтеруге мүмкіндік береді, яғни білім алуға және шет тілі бойынша шеберлік пен дағдыға тілек, қажеттілік туындайды.

Әдебиеттер

- Романова Р.З. (1998) Тіл және мәдениет: лингводидактикалық аспект. – Алматы. – С. 138.
 Тер – Минаева С.Г. (2000) Тіл және халықаралық байланыс: оқу құралы. – М.: Слово. – Б.134.
 Құнанбаева С.С. (2010) Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы: Абылай хан атындағы ҚазХҚжәне ӘТУ. – Б. 324.
 Гез Н.И., Гальскова Н.Д. (2003) Шет тілін оқытудың әдістемесі – М. – С. 27.

- Кулибаева Д.Н. (2002) Инновационная модель формирования международно-стандартных уровней владения иностранным языком в условиях школ международного типа – Алматы : Каз. ун-т междунар. Отношений. – 216 с.
- Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. (2012) Инновационные методы обучения, или Как интересно преподавать: Учебное пособие. – 7-е изд., доп. – Алматы. – 355 с.
- Таубаева Ш.Т. (2014) Концептуализация образовательной политики: история, теория и практика// Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». No1 (41). С.3-10
- Пфейфер Н.Э., Гушина Л.Ю. (2004) Структура и содержание образовательного потенциала: Учебное пособие. – Павлодар. – 115 с.
- Верещагин Е.М., Костомаров Г.В.(1976) Язык и культура, Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – Изд .2, перераб., доп. – М.: Русский язык. – С. 58.
- Бим И.Л. (2001) Некоторые актуальные проблемы современного обучения иностранного языка // ИЯШ № 4. – С.12.
- Гальскова Н.Д. (2000) Современная методика обучения иностранным языкам. Пособие для учителя. – М.: АРКТИ. – С. 9.
- Шукин А.Н. (2010) Шет тілін оқытудың теориясы мен практикасы. Оқу құралы. – Москва: Филоматис. – С. 165.
- Әкімішова Ж.Ә. (2002) Тіл – мәдениет феномені мәселесі // Сборник статей общественные и гуманитарные науки. – Алматы, Б.27.
- Борисов Л.П. (2003) Компетентностное деятельной подход и модернизация содержание общего образование // Стандарт и мониторинг. – М.: Русский журнал. – №1. – С. 127.
- Барышников Н.В. (2002) Параметры обучения межкультурной коммуникации в средней школе // Иностранные языки в школе. №2. – С. 15.

References

- Akimshova. A. (2002) Til – madeniet fenomeni maselesi// Sbornik statey obshchestvennyye i gumanitarnyye nauki. – Алматы, В.27
- Baryshnikov N.V. (2002) Parametry obucheniya mezhkulturnoy kommunikatsii v sredney shkole Inostrannyye yazyki v shkole, №2, – С.15.
- Bim I.L. Nekotoryye aktualnyye problemy sovremennogo obucheniya inostrannogo yazyka. IYASH № 4, 2001. – С.12.
- BorISOV L.P.(2003) Kompetentnostnoe deyatelnoy podhod y modernizacia soderganie obcheho obrazovanie. Standart y monitoring. -M.: russkii zhurnal №1. S.127.
- Galskova N.D. (2000) Sovremennaya metodika obucheniya inostrannym yazykam. Posobiye dlya uchitelya. -M.: ARKTI. – S.9.
- Gez N.Y. Galskova N.D. (2003) Metodica prepodovania inostrannogo yazika – M.: – С. 27.
- Kunanbaeva S.S.Kazirgi shettildik bilim berudin teoriyasy men praktikasy. Almaty: Abylay han atyndagy KazHK zhane OTU. – 2010. – В.324
- Kulibayeva D.N. (2002) Innovatsionnaya model' formirovaniya mezhhdunarodno-standartnykh urovney vladeniya inostrannym yazykom v usloviyakh shkol mezhhdunarodnogo tipa – Алматы: Каз. ун-т междунар. otnosheniy. – 216 с.
- Mynbayeva A.K., Sadvakasova Z.M. (2012) Innovatsionnyye metody obucheniya, ili Kak interesno prepodavat': Uchebnoye posobiye. – 7-ye izd., dop. – Алматы. – 355 s.
- Pfeyfer N.E., Gushchina L.YU. (2004) Struktura i sodержaniye obrazovatelnoho potentsiala: Uchebnoye posobiye. – Pavlodar. – 115 s.
- Romanov R. Z. (1998) Yazyk y kultura: lingvodidakticheskyi aspekt – А – S. 138.
- Ter – Minasova S.G. (2000) Yzyk y mehkulturnaya kommunikacia. Uchebnoe posobie. -M.: Slovo – S.134.
- Shukin A.N.(2010) Obuchenie inostrannym yazikam, Teoria y praktiki. Uchebnoe posobie dlya prepodovatelei y studentov. – М.: Filomatis. – С.165.
- Taubayeva SH.T. Kontseptualizatsiya obrazovatelnoy politiki: istoriya, teoriya i praktika// Vestnik KazNU. Seriya «Pedagogicheskiye nauki». No1 (41). 2014. S.3-10
- Versheshagin E.M., Kostomarov G.V.(1976) Yzyk y kultura, Lingvovedenie v prepodavanii russkogo yazika kak inostrannogo. – М.: russkii yazik. – S.58.